



## ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

### ІБИ: іскерлік белсенділік баяулады, бірақ өсу жағында қалды


2024 жылдың желтоқсан айындағы іскерлік белсенділік туралы  
ҚҰБ Ақша-кредит саясаты департаментінің директоры  
Рүстем Оразалиннің түсіндірмесі

Астана қ.

2025 жыл, 5 қаңтар

2024 жылғы желтоқсанда іскерлік белсенділік баяулады, бірақ көрсеткіш **50,7** құрап, былтырғы ақпан айынан бері оң аймақта тұр.

Индекс өндіріс пен қызмет көрсету секторында іскерлік белсенділік тиісінше **50,6-ға және 50,8-ге** дейін (қарашадағы 53,0-ден және 51,4-тен) бәсеңдеуіне және тау-кен өндіру өнеркәсібінде **48,8-ге** (қарашадағы 50,2-ден) дейін түсуіне байланысты төмендеді. Көрсеткіш құрылыста ғана өсті, мұнда индекс қарашадағы 50,5-тен желтоқсанда **52,9-ға** дейін көтерілді. Құрылыста жаңа тапсырыс пен еңбекпен қамту деңгейі біршама жоғарылап, тау-кен өндіру өнеркәсібінде барлық компонент төмендеді.



2024 жылғы желтоқсанда **бизнес-ахуал индексі (БАИ)** де төмендеді. Бизнес жүргізудің қазіргі жағдайын бағалау көрсеткіші нашарлады, бірақ баға оң мәнге ие болып қалды. Болашақ бизнес-жағдайларға қатысты оптимизм өзгеріссіз қалды. Бизнес-цикл «сағатының» индикаторы **өсуі аймағында** қалды.

Кәсіпорындардың бағалауы бойынша, олардың өнімдеріне/көрсетілетін қызметіне сұраныс бәсеңдеді. Желтоқсанда сұраныстың өсу қарқыны құрылыстан басқа барлық секторда төмендеді. Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өткен аймен салыстырғанда сұраныс біршама төмендегені байқалады. Респонденттер инфрақұрылымда айтарлықтай оң өзгеріс барын атады, ал қалған факторлар (бизнесті қорғау мәселесі, салық жүктемесі және қаржыға/кредитке қолжетімділік) теріс бағаланды.

Толығырақ – Қазақстан Ұлттық Банкінің [интернет-ресурсында](#)

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон арқылы ала алады:

8 (7172) 77–52–10

e-mail: [press@nationalbank.kz](mailto:press@nationalbank.kz)

[www.nationalbank.kz](http://www.nationalbank.kz)